

# «ЖҮСІПБЕК АЙМАУЫТҰЛЫ- ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ ЖАРЫҚ ЖҰЛДЫЗЫ»

МЕРЕКЕЛІК ШЫҒАРЫЛЫМ

N 1

## ЖАМПОЗ – ЖҮСІПБЕК

Халыққа танымал «Қартқожа», «Ақбілек», «Күнікейдің жазығы» секілді қазақ әдебиетіндегі айтулы туындылардың авторы Жүсіпбек Аймауытов ұлтшылдармен байланыста болды деген жаланы арқалап, қуғын-сүргінге ұшыраған хас жазушы. 1929 жылы басталған тергеуден кейін 1931 жылы сырттай ату жазасына кесіледі. Бірақ, кеңестік қуғын-сүргіннің құрбаны болған Жүсіпбек Аймауытов осынау қысқа ғұмырында халқына аса үлкен бай мұрақалдырып кетті. Ол жазушының бағалыәдеби, ғылыми мұралары.


Жүсіпбек Аймауытұлының қалам қуатын танытатын дүниелері — прозасы. «Күнікейдің жазығы» повесі, «Қартқожа» және «Ақбілек» романдары сөзсіз классика. Ол бірді-екілі кейіпкердің тағдырын суреттеу арқылы бүтін бір дәуірдің шындығын, тұтас бір ұлттың тағдырын көрсетеді. Ал шағын әңгімелерініңкөтерген жүгі романға бергісіз.

«Тұтқындарды Москваға алып кетеді екен деген хабарды естідік. Ертемен, күн шығар-шықпаста қасымда үш бірдей қатар құрбыларым бар, олар – Жүсіпбектің баласы – Бектұр, Абай туыстары Өміртайдың қызы – Әуен, Юсупов Ахметсафаның қызы – Фарида болатын. Екі өкпемізді қолымызға алып вокзалға жеттік. Жүк таситын вагондардың қатарындағы шеткі бір вагонның темір торлы терезесінен әкем мен Жүсіпбек қарап тұр екен. Күзетшілер вагонға жолатпай: «Қайт, атам!»», - деп жекіп, жасқай берді. Бектұр қорқып, кідіріп қалды. Жүсіпбек аға анадайдан айқай салды: «Бектұр! Жақында, қорықпа!..», - деп. Айтатын бір сөзі болуы керек. Күзетшілер баланы әкесіне жолатпады, жылап-еңіреп жүріп пойызды көзбен шығарып салдық. Бұл 1929 жылғы 24 маусым күні болатын», - деген Міржақып Дулатовтың қызы өз естелігінде.

Жүсіпбектің артында Бектұр, Жанақ, Мәруа атты үш ұрпақ қалған. Алайда, тағдырдың асауағысы әрқайсысын әр тарапқа ағызып әкетті. Бірі, жастайынан жат жерге кетіп жан сақтады. Бірі, халық жауының баласы екені білініп қалып, көп күнін қапаста өткізді. Бірі, жат жұртқа сіңіп тамырын жоғалтты. Сарқылмас мөлдір бұлақтан бүлкілдеп аққан тұнық су бастауынанұзаған сайын арнасы тарылып, құмға сіңіп жоқ болды. Алайда, сол қайнар бұлақтың қазақ руханиятына сарылдап кеп құйған сағасы ешқашанда су алмайды.



# ӨМІР ӨРНЕГІ



Жүсіпбек Аймауытов аумалы-төкпелі заманда 1889 жылы қазіргі Павлодар облысы Баянауыл ауданында дүниеге келген. Әкесі Аймауыт өзіндік шағын күн көрісі бар қарапайым, момын шаруа болған. Жүсіпбек өзі жайлы қалдырып кеткен мағлұматында тұрмысы жайлы баяндайды. Ол онда 1917 жылдарға дейін әкесінің малы 6-7 қарадан аспағанын айтады. Сондықтан, әкелері балаларын мал бағуға дайындапты. Содан Жүсіпбек бауырларымен тоқал тұқымының уақ балаларыноқытып, кебеже, шкафтарды жөндеп еңбек еткен екен. Ал, апалары алаша бауларын тоқып, орамал, жастық тыстарын кестелепті.

Жүсіпбек туралы тура айтылмай жүрген деректердің бірі оның туған жылына қатысты. Мәскеуден табылған құжаттарда, Жүсіпбек Аймауытов 1895 жылы туған делінеді. Сондай-ақ, жазушы өзі туралы баяндаған хаттарының бірінде Сұлтанмахмұт Торайғыровтан 2 жас кіші екенін жазған. Оған сүйенсек, жазушы

1895 жылы туған болып шығады. Бірақ, көп деректерде Жүсіпбек 1889 жылы дүниеге келген деп көрсетіледі.

Болашақ жазушының алғаш сауат ашқан жері Әбділда Хазірет салдырған медресе. Ол жерде Жүсіпбек 5-6 жыл дәріс алды. Тіпті, бала молда атанып, шәкірт оқытқан. Сауатын ауыл молдасынан ашқан Жүсіпбек Баянауылда, Павлодарда орыс-қазақ мектептерінде оқиды.



Дегенмен, ол Керекудегі екі сыныпты орыс-қазақ мектебін тиіп-қашып оқыды.

Себебі, болашақ жазушы ол кезде бала оқытып, ақша тауып жүрді. Содан 1911-14 жылдары ауылда мұғалім болып жұмыс істеп, ауыл балаларының сауатын ашады. Ал 1914 жылы Семейдегі мұғалімдер семинариясына қатысады.

Семей семинариясында оқып жүрген кезінде-ақ шығармашылыққа бет бұрған Жүсіпбек Аймауытов 1918 жылдары «Абай» журналын шығаруға ат салысады. Бірақ журнал қаржы тапшылығынан жабылып қалып, жазушы мақалаларын «Сарыарқа» газетіне шығара бастайды. Аталған басылымның

екінші санында «Тұр бұқара, жинал кедей, ұмтыл жастар» деп мақала да жариялаған. 1919 жылы Жүсіпбек бұл семинарияны үздік бітіреді. Колчаг үкіметі құлағаннан кейін Семейдегі «Төңкерісшіл» губерниялық комитетінде жұмыс істейді. Сондай-ақ, «Кедей таңы» газетінің редакторы болды. Осы кезде коммунистік партия қатарына өтіп, 1920 жылдың қазан айында Қазақ атқару комитетінің мүшесі және Оқу-ағарту наркомының орынбасары болып сайланады.

## ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ШЫҢЫ

Жүсіпбектің шығармашылығын зерттеушілер оның шебер музыкант болғанын, 6-7 әні барын алға тартады. Айталық, халыққа кең таралған «Екі жирен» әнін Жүсіпбек Аймауытов Торғайға мал айдап бара жатып теріс аққан өзеннің бойында, табанды жусатып жатқанда жолыққан бір келіншекке арнап шығарған екен деген әңгімені кезінде Бауыржан Момышұлы, Серке Қожамқұлов, Ғабит Мүсіреповтердің өзі растаған көрінеді.

1921 жылы Семей губерниялық оқу бөлімінің меңгерушісі болады.

Жүсіпбек Аймауытұлының алғашқы шығармашылығы адымы ақындығы. Жазушы «Өз жайымнан мағлұмат» атты жазбасында 13 жасынан өлең жаза бастағанын, Абайға еліктегенін, болыс боламын деп елге алданған алыпсартадың

әпенде әрекетін әжуалайтын өлеңін 1913 жылы «Қазақ» газетіне жариялағанын айтады. Ол Алаштың ұранын жазған. Жүсіпбек өлеңдерінің өзіндік өрнегі бар. Айталық, «Сарыарқа сәлемі», «Жәмила», «Ахахау», «Ұршық», «Көшу» атты шығармалары ұсақ детальдарды суреттеу арқылы үлкен қоғамдық құбылыстардан хабар береді.

Оның поэмалық мұрасын «Нұр күйі» атты поэмасы толықтырады.



Ақындық өнері аударма еңбектерінен жақсы байқалады. Ол алыс-жақынының, белгілі қаламгерлердің классикасын аударған. Аудармашылық оның шығармашылығының бір қыры болып саналады. Сонымен қатар, ол 1916-17 жылдардан басталған қазақ драма өнеріне де өзінің төл шығармаларын арнады. Абайдың қайтыс болғанына 10 жыл толуына орай ұйымдастырылған Семейдегі әдеби кештерде, сауық кештерде осы Жүсіпбек Аймауытовтың драмалық



туындыларының басым бөлігі сахналанған. Сонда Әуезов, Аймауытов өздері суфлер болып, жазған дүниелерін халыққа ұсынды. Сондықтан, қазақ театрының бастауында, белгілі бір мөлшермен алған кезде Жүсіпбек Аймауытовтың төл шығармалары және оның автор, режиссер ретінде аты аталады.

Жүсіпбек шынында да, өз заманында ақын ретінде, жазушы, драматург ретінде көңіліндегіні, ойындағыны айта алған қаламгер.

## ДЕРЕКТЕМЕ ДӘЙЕГІ

Қызыл үкіметтің қанды қырғынына Жүсіпбек неге ерте ілінді... 60 жыл бойы НКВД мұрағатында тосын көздерден тығулы жатқан аса құнды құжаттарды жарыққа алып шыққан ғалым Тұрсын Жұртбай мен жазушы Дүкенбай Досжан еді. Сол құжаттар негізінде бірі іргелі еңбек жазып шықса, екіншісі абақты тарамын басты.

Дүкенбай Досжанның жарияланымында: «Қызылорда қаласы, Карл Маркс көшесі 54-үйде тұратын Жүсіпбек Аймауытовтың үйіне 1929 жыл 14 мамыр күні жүргізілген тінтуде тәркіленген заттар: 1. Хаттар, барлығы — 88 дана. 2. Ескі фотосурет. 3. Жеке басының құжаттары — 20 дана. 4. Аймауытовтың қолжазбалары және газет қиындылары — 34 бума. 5. Қалың дәптердегі қолжазбалар — 33 дана. Кітапта — 6 дана. Куә ретінде азамат Ысқақов қатысқан. Тұтқындаған — Дінше Әділетовты Бетпақдалада қуғындап жүріп, атыс үстінде қолға түсірген ОГПУ-дің өкілетті өкілі И.А. Шумилев», - делінген болатын.



Ал, ғалым Тұрсын Жұртбай Жүсіпбектің атылып кетуіне шәкірттері де себепкер деп жазды. 1926 - 28 жылдар аралығында Аймауытов Шымкенттегі педагогикалық техникумда ұстаз болған. Тергеу кезінде сонда оқыған Қалабай Бекдуллаев бастаған үш студентінен жауап алынған. Сонда олар тыйым салынған әдебиетті оқытты, шәкірттерін көтеріліске үндеді деп, ұстаздарын халық жауы етіп көрсетеді. Жүсіпбек Аймауытовтың бар қылмысы ұлтжандылығы.



«1928 жылы алғаш ұсталу себебі Орынбордағы халық театрының тұңғыш директоры Дінмұхамед Әділов екеуінің жақын дос болғанында. Әділовтың ағаларының бәрі Созақ көтерілісінің басшылары. Ол заманда жер-жерде көтеріліс болды. Солардың бірі Созақ көтерілісі. Сол көтерілістің саяси платформасын Діншеге кезінде Жүсіпбек жазып берген. Соны біреу көрсетіп, сол арқылы Дінше екеуінің кездескенін бір-ақ жапқан. Қазақ төңгерісі кезінде саяси элита ретінде көзге түсті», - дейді Жүсіпбек Аймауытов ауылының тұрғыны Рамазан Нұрғалиев.

Тергеу кезінде Жүсіпбектің кінәсі еш дәлелденбесе де оған алты түрлі айып тағылды. Яғни, Жүсіпбек Аймауытовқа Кеңес үкіметін құлату үшін астыртын контрреволюциялық ұйым құрды, әскери жасақ құруға ұмтылды. Сөйтіп, қарулы



Жүсіпбек Аймауытовтың айдауда түскен соңғы фотосы

көтеріліс арқылы Қазақстанды Ресейдің құрамынан бөліп алып кетпек болды. Англиямен астыртын байланыс орнатып, Қырда көтеріліс ұйымдастыруды жоспарлаған. Тіпті, қазақ өлкелік комитетінің хатшысы Голощекин жолдасқа қастандық жасап, атып өлтірмек болған деген жала жабылды. Осындай жаланы арқалаған жазушы кінәсі дәлелденбесе де жазықсыздан жазықсыз айдалып кете барды.

**Ж.Аймауытовтың 135 жылдығына арналған газетті шығарушы:**  
**Абай облысының Білім басқармасы Семей қаласындағы**  
**“Бауыржан Момышұлы атындағы**  
**№ 34 жалпы орта білім беретін мектеп” КММ**  
**Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі:**  
**Куанышбаева Гүлсагат Жумагазиновна**

